

Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 136 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 маусымда № 9-12-141 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 02.02.2016 № 13 қаулысымен (алғаш қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы 7-бабының 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңы 31-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қарабалық ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы квотаға сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына жіберуін қамтамасыз етілсін.

3. Аудан әкімдігінің "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын бекіту туралы" 2008 жылғы 13 наурыздағы № 77 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 9-12-74 нөмірінде тіркелген, 2008 жылы 17 сәуірінде "Айна" аудандық газетінде жарияланған), күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.А. И с е н б а е в қ а ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ф. Филиппов